



**Ауқажиева Жанар Мұратқызы**  
Техника ғылымдарының кандидаты  
доцент, «Геодезия» кафедрасының  
меңгерушісі  
E-mail: [aukazhieva\\_zh@mail.ru](mailto:aukazhieva_zh@mail.ru)

Ауқажиева Жанар Мұратқызы 1976 жылы 10 маусымда Алматы облысы, Жаркент қаласында дүниеге келген.

1998 ж. Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Аэрофотогеодезия» мамандығы бойынша бітіріп, «инженер - аэрофотогеодезист» біліктілігін алды.

1998 жылы 1900 - Тау-кен бағыты бойынша магистратурадағы оқу, ғылыми кеңестің шешімі бойынша 2000 жылдың 10 қазанынан бастап магистр ғылымының академиялық дәрежесі берілді.

2010 жылы 25.00.16 тау-кен өнеркәсібі мен мұнай-газ кәсіпшілігі геологиясы, геофизика, маркшейдерлік іс және жер қойнауының геометриясы мамандығы бойынша «пайдалы қазбалардың сапалық белгілерінің таралу параметрлерін геометризациялау кезінде қалыптастырылуын бағалау» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғады.

- Қ.И.Сәтпаев атындағы Ұлттық Техникалық университетінің, Тау-кен институтының Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы (2003-2006 ж., 2011-2012 ж.).
- ҚР Жас ғалымдарының ауысуы бойынша Халықаралық гранттың иегері, Мәскеу қаласы (МИИИГАиК 2003 ж.).
- ҚР-ның дарынды Жас ғалымдары Республикалық стипендияның 2 мәрте иегері.
- ҚР-ның Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы (2003-2006 жж.).
- Ұлт көшбасшысы ҚР-ның бірінші президентінің Жас ғалымдар кеңесі қорының мүшесі.
- 2011 ж. 25 қараша айынан бастап Халықаралық Ақпараттық Академияның корреспондент мүшесі.
- Экология және тіршілік қауіпсіздігі Халықаралық Академия қаулысы негізінде Ресей федерациясы Академиясының корреспондент мүшесі. МАНЭБ 31.05.2012ж. президиум шешімімен «Ғылымдағы еңбектері» орденімен марапатталды.

Ғылыми еңбек жариялымы:

50 астам жариялымы, қазақ және орыс тілдерінде 15 әдістемелік нұсқаулар, 050911 «геодезия және картография», 050907- «кадастр», 050903 «жерге орналастыру» мамандықтарына «фотограмметрия» «қолданбалы фотограмметрия» жер асты фотограмметриясы» «аэроғарыштық түсіріс әдістері» «ғарыштық геодезия», «ғарыштық фотограмметрия», «маркшейдер-геодезиялық өлшемдегі математикалық өңдеу жұмыстары» пәндері бойынша 30 астам оқу-әдістемелік кешендері, Халықаралық конгресстер мен симпозиумнан 15 баяндама.



**Жакупов Талғат Мұхамедхасанұлы** – 27. 06. 1979 жылы туылған, т.ғ.к., энергетикалық факультетінің декан орынбасары.

Әскери дәрежесі- лейтенант.

1996 ж - Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 орта мектеп-лицейін бітірген.

1996-2001 ж. ж. – Павлодар қаласында С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеттің энергетикалық факультетінде «Жылу электрлік станциясы» мамандығын тамамдады.

2002-2005 ж. ж. – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетте «Өндірістік жылу энергетикасы» мамандығы бойынша аспирантура да күндізгі бөлімінде оқыды.

2002 – 2006 ж.ж. Негізгі бөлімінің байланыстармен діни біріктірулермен Павлодар облыстық ішкі саясат департаментінде бас маман.

2010 ж – Мамандықпен техникалық ғылымдардың кандидат ғылым дәрежелері ізденуге диссертацианы табысты қорғады. 05.18.12 – Процесстер және тамақтық өндірістердің аппараттары.

2008 – 2011 ж. ж. – академик К. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженер-техникалық институтының «Жылу энергетика» кафедрасында аға оқытушы.

2012 ж. қаңтар – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде «Жылу энергетика» кафедрасында аға оқытушы.

2012 ж. мамыр айынан қазірге дейін С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеттің энергетика факультетінде тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары.



**Байдақов Асылбек Қанайұлы**

Экономика ғылымдарының кандидаты

«Есеп және аудит» кафедрасының

доценті міндетін атқарушы

E-mail: [a\\_baidakov@mail.ru](mailto:a_baidakov@mail.ru)

Байдақов Асылбек Қанайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданында дүниеге келді. А. Иманов атындағы орта мектепті 1996 жылы бітірген.

1996-2001 жж. аралығында С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетінде 0713 – «Экономика және менеджмент» мамандығында оқыған. Еңбек жолын 2001

жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеті «Есеп және аудит» кафедрасында ассистент, аға оқытушы қызметін атқарды.

2005-2010 жж. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде экономика факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарды.

2009 жылдың желтоқсан айында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті жанынан құрылған БД 18.08.01 диссертациялық кеңесінде «Тәуекел жағдайында сүт өндіру мен өткізу стратегиясын оңтайландыру» тақырыбындағы

кандидаттық диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғап шықты. Ғылыми жетекшісі – э.ғ.д., профессор Т.А.Құсайынов.

2010 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Есеп және аудит» кафедрасының доцент м.а. қызметіне ауыстырылды. Оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстар бойынша 30–дан астам еңбектің авторы, оның ішінде 3 оқу құралы, 5 оқу әдістемелік кешен, 3 әдістемелік нұсқау жарық көрген.

2012 жылдың желтоқсан айынан бастап С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті экономика факультетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы.



**Бекбаев Қайрат Серікжанұлы**

Техника ғылымдарының кандидаты  
«Ауылшаруашылық және астық  
өңдеу машиналары» кафедрасының  
аға оқытушысы

E-mail: [k\\_bekbaev@mail.ru](mailto:k_bekbaev@mail.ru)

Бекбаев Қайрат Серікжанұлы 1980 жылы 2 ақпанда Семей облысы Аягөз ауданы Қарақол ауылында дүниеге келген. Осы облыстың Шолпан ауылындағы Жұзағаш орта мектебін 1996 жылы аяқтады. 1996-2001 жж. аралығында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде 4211-

«Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» мамандығы бойынша оқыды.

2001-2004 жж. аралығында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде аспирантураның 051812 - «Тамақ өндірісінің процестері мен аппараттары» мамандығы бойынша ішкі оқу бөлімінде оқыды.

2005 жылдың ақпанынан 2007 жылдың тамызына дейін осы университеттің «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» кафедрасында оқытушы қызметін атқарды.

2007 жылдың мамыр айында РМҚК «Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті» жанынан қазақстандық және ресейлік ғалымдар қатысуымен құрылған БД 14.50.13 біріккен диссертациялық кеңесінде «Совершенствование процесса измельчения с применением дисковых ножей» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, қазан айында ғылыми дәрежесі бекітілді.

2007-2012 жж. аралығында академик Қ.И. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтында «Базалық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы (2007-2008 жж.), доцент міндетін атқарушысы (2008-2012 жж.), Ғылыми-зерттеу секторының басшысы (2008-20012 жж.) қызметтерін атқарды.

2012 жылдың қыркүйегінен бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Ауылшаруашылық және астық өңдеу машиналары» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарып келеді.

2012 жылдың қараша айынан бастап, техникалық факультеттің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы болып табылады.



**Жұмағұлова Әдия Асқарқызы**  
Техника ғылымдарының кандидаты  
«Бағалау» кафедрасының меңгерушісі  
E-mail: [agun\\_sharipova@mail.ru](mailto:agun_sharipova@mail.ru)

Жұмағұлова Адия Асқарқызы Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданында дүниеге келген. Д.Қонаев атындағы №13 «Экос» экологиялық гимназия-мектебін 2002 жылы аяқтаған.

2002-2006 жж. арасында Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде «Математика» мамандығында оқыған.

2006-2008 жж. Көкшетау университетінің 6N0506 – «Экономика» мамандығы бойынша магистратурасында оқыды.

2007-2010 жж. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде құрылыс материалдар мен бұйымдардың технологиясы кафедрасында 05.23.05 – «Құрылыс материалдар мен бұйымдар» мамандығы бойынша сырттай оқу бөлімінде аспирантурада оқыды.

2007 жылдың қаңтар айынан бастап осы Көкшетау университетінде дизайн кафедрасында ассистент қызметін атқарды.

2010 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Халықаралық Бизнес-Академиясы тіркеу кеңсесінің бастығы қызметінде жұмыс жасады.

2010 жылдың қазан айында Алматы қаласы Құрылыс материалдарды ғылыми-зерттеу және жобалау институтының жанынан құрылған Д.14.03.01 диссертациялық кеңесінде «КМВ кешенді модификатор көмегімен жылуды оқшалайтың көбік-бетонның қасиеттерін жақсарту» атты кандидаттық диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғап шықты. Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Е.В Ткач.

2011 жылдың 1 ақпаннан бастап С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің бағалау кафедрасында аға оқытушы қызметін, 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап осы кафедраның меңгерушісі қызметіне ауыстырылды.

Ғылыми жұмыстары бойынша 20-дан астам ғылыми еңбегі жарық көрген.

2012 жылдың қараша айынан бастап, жерге орналастыру факультетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы болып табылады.



**Кәкімжанова Маргарита Кабдулақызы**  
Философия ғылымдарының кандидаты,  
«Философия» кафедрасының аға оқытушысы  
e-mail: [rita\\_k79@mail.ru](mailto:rita_k79@mail.ru)

Кәкімжанова Маргарита Кабдулақызы 1979 жылы 21 ақпанда Ресейдің Свердловск облысы, Ирбитск ауданының Прядино ауылында дүниеге келді.

1996 жылы Қостанай облысында орналасқан Урицк ауданының Чехов орта мектебін бітірді. 2000 жылы А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы» мамандығы бойынша тарих факультетін бітірді.



2001-2004 жж. аралығында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің философия кафедрасында жұмыс атқарды.

2008 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің философия кафедрасында аға оқытушы қызметінде жұмыс істейді.

2010 жылы Алматы қаласындағы философия және саясаттану институтының 09.00.11-«Әлеуметтік философия» мамандығы, «Социальная интеграция репатриантов как философская проблема» тақырыбында диссертациясын қорғады.

Ғылыми жұмыстары бойынша 30 шақты ғылыми еңбегі, оның ішінде басқа туындыгерлермен бірге 2 оқу құралы, 3 оқу әдістемелік кешені жарық көрген.

2013 жылдың қантар айынан бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, гуманитарлық факультетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы.



### **Мименбаева Айгүл Билялқызы**

Технических ғылымдарының  
магистры

«Есептеу техника және ақпараттық  
жүйелер» кафедрасының ассистенті  
e-mail: [Aigulka79\\_79@mail.ru](mailto:Aigulka79_79@mail.ru)

Мименбаева Айгүл Билялқызы 1979 жылы 2 қазанда Қарағанды қаласында дүниеге келген.

1995-1999 жж. аралығында  
ат Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды  
ды мемлекеттік университетінде 01.02 -  
ты

магистратурасында 23.01.03 - «есептеуіш  
қамтамасыз ету» мамандығы бойынша оқыды.

2001-2004 жж. аралығында Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультеті, «Алгебра, геометрия және математикалық логика» кафедрасында оқытушы қызметін атқарды.

2004-2006 жж. аралығында Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің аспирантурасында 05.13.01 –«Жүйелік талдау, мәліметтерді басқару және өңдеу» мамандығы бойынша ішкі оқу бөлімінде оқыды.

2006-2008 жж. аралығында «НарОйл» ЖШС-де менеджер-талдаушы қызметін атқарды.

2008-2012 жж. аралығында Алматы технологиялық университетінің «Информатика және ақпараттық жүйелер» кафедрасында аға оқытушылық қызметін атқарған.

2012 жылдың қыркүйек айынан бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Есептеуіш техника және ақпараттық жүйелер» кафедрасында ассистент қызметін атқарып келеді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша 20-ға жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектері, оның ішінде 1 әдістемелік құралы, 2 оқу құралы жарық көрген.

2012 жылдың қараша айынан бастап университеттің Жас ғалымдар кеңесінің хатшысы болып табылады.



**Мұрзабекова Лейла Мажитқызы**

Ветеринария ғылымдарының кандидаты  
«Морфология, микробиология және биотехнология» кафедрасының аға оқытушысы  
E-mail: [leila\\_2011@mail.ru](mailto:leila_2011@mail.ru)

Мурзабекова Лейла Мажитқызы Ақмола облысындағы Аршалы ауданы, «Мичурино» аулында дүниеге келген.

2001 жылы Ақмола облысының, Аршалы ауданындағы «Мичурино» ауылының орта мектебін аяқтады, сол жылы Қазақ аграрлық университетінің ветеринарлық медицина факул-

тетіне оқуға түсті.

2006 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша аяқтап, «Ветеринар-санитар дәрігер» біліктілігін алып шықты.

2006-2009 жж. аралығында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аспирантурасында 16.00.02 –«Патология, онкология, жануарлар морфологиясы» мамандығы бойынша ішкі оқу бөлімінде оқыды.

2009 жылдан бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Морфология микробиология және биотехнология» кафедрасының аға оқытушы қызметін атқаруда.

2010-2011 жж. аралығында ветеринариялық факультетінің оқу және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарының қызметін атқарды.

Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша 40- тан астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік еңбектері, оның ішінде 24 астам ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар, 10 тезис, 7 оқу-әдістемелік кешендері жарық көрген.

2013 жылдың қаңтар айынан бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ветеринария және мал шаруашылығы факультетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы.



**Мусина Айгүл Армияқызы**

Дизайн кафедрасының ассистенті  
E-mail: [Aigul.Musina@inbox.ru](mailto:Aigul.Musina@inbox.ru)

Мусина Айгүл Армияқызы Ақмола облысы Қорғалжын ауданы, Сабынды ауылында дүниеге келген.

2001 жылы Ә.Үсенұлы атындағы Сабынды орта мектебін бітірді.

2007 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Сәулет өнері факультетін «Дизайн» мамандығы бойынша аяқтады.

2008 жылдың қыркүйек айынан бастап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, сәулет өнері факультетінің «Дизайн» кафедрасында ассистент және ізденуші ғалым ретінде жұмыс атқарып келеді.

2012 жылдың қыркүйек айынан бастап, сәулет өнері факультетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы болып табылады.



**Ногаев Әділбек Айдарханұлы**

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, Өсімді шаруашылығы кафедрасының аға оқытушысы  
email: [Adilbek\\_nogaev@mail.ru](mailto:Adilbek_nogaev@mail.ru)

Ногаев Әділбек Айдарханұлы 1985 жылы 23 ақпанда дүниеген келген. 2008 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті агрономия факультетінің «Агрономия» мамандығын аяқтады.

2010 жылы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің магистратурасын «» мамандығы бойынша аяқтап, сол жылы қос дипломды білім беру жүйесімен Моңғолия мемлекеттік аграрлық университетіне докторантураға түсті. Докторлық диссертация тақырыбы – «Солтүстік Қазақстанның құрғақ дала аймағында біржылдық шөптерді (итқонақ, қонақтары, судан шөбі, мал азықтық тары) тұқымға өсіру шараларын жетілдіру».

2010 жылдың қыркүйек айынан бастап, агрономия факультеті, Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша 1 оқу-әдістемелік нұсқаулықтың және 6 ғылыми мақаланың авторы. Жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізгі қағидаларының нәтижелері мен қорытындылары республикалық әртүрлі баспаларда жарияланып, Қазақстан Республикасында өткізілген халықаралық конференцияларда баяндалды. 2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасының АШМ тарапынан 042 бағдарламасы бойынша жүргізілетін ғылыми жобаның орындаушысы болып табылады. Негізгі ғылыми жұмысының бағыты - мал азығын өндіру саласы.

2011 жылдан бастап, агрономия факультетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы болып табылады.



**Смағұлова Миргуль Есенғалиқызы**  
Химия ғылымдарының кандидаты  
«Физика және химия» кафедрасының  
аға оқытушысы  
e-mail: [smagulova\\_m\\_e@mail.ru](mailto:smagulova_m_e@mail.ru)

Смағұлова Миргуль Есенғалиқызы 1982 жылы 22 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Жарықтас ауылында дүниеге келген. 1999 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Б. Соқпақпаев атындағы орта мектепті аяқтаған.

2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, химия факультетін

«Химиялық, криминалистикалық сараптама» мамандығы бойынша аяқтап, «химик-сарапшы» біліктілігі берілді.

2005-2008 жж. аралығында А.Б. Бектуров атындағы химия ғылымдары институты аспирантурасында 02.00.04 – «Физикалық химия» мамандығы бойынша ішкі оқу бөлімінде оқыды.

2008-2010 жылдары А.Б. Бектуров атындағы химия ғылымдары институтының «Физика-химиялық зерттеу әдістері және экология» зертханасында кіші ғылыми қызметкер жұмысын атқарды.

Кандидаттық диссертациясын 2010 жылы «Глидеринин мен глицирамның биологиялық белсенді лигандтармен комплекс түзуін зерттеу» тақырыбында Д 53.39.03 диссертациялық кеңесінде қорғады (02.00.04 – физикалық химия). Ғылыми жетекшісі – химия ғылымдарының докторы Бекетов Қ.М. Диссертация тақырыбы бойынша оннан аса ғылыми еңбектері жарияланған.

2011 жылдың қыркүйек айынан бастап, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті «Физика және химия» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқаруда.

2012 жылдың қазан айынан бастап, компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінің Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы болып табылады.